



## ТҮРКІТІДЕС ЕЛДЕРДІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

---

### ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

#### ЖЕТІНШІ ОТЫРЫС

*Анкара, 2022 жылғы 11 мамыр*

### “ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ ЕЛДЕРДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ҮЙЛЕСТІРУ”

#### ЕСЕП

#### I. КІРІСПЕ

1. Қазақстанның Түркістан қаласында өткен ТүркПА-ның 10-шы пленарлық отырысында қабылданған Хатшылықтың 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жетінші отырыстың күн тәртібіндегі негізгі мәселе ретінде «ТүркПА-ға мүше елдерде денсаулық сақтау жүйелерін үйлестіру» тақырыбын қарау туралы шешім қабылданды.
2. Комиссия ТүркПА аймағындағы денсаулық сақтау мәселесін алғаш рет қарастырып отыр. Түркістанда өткен ТүркПА Ассамблеясы Кеңесінің оныншы отырысында Қоршаған орта және табиғи ресурстар жөніндегі комиссияны «Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссия» деп қайта атау туралы шешім қабылданды және бұдан былай денсаулық сақтауға қатысты барлық мәселелер осы Комиссия аясында шешілетін болады.
3. Мүше мемлекеттер арасындағы денсаулық сақтау инфрақұрылымын, коммуникацияларды және денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін жақсырақ дамыту үшін ұлттық саясат пен заңнаманы үйлестіру жөніндегі жұмыс Түркі мемлекеттері ұйымдарының Мемлекет басшылары қабылдаған «Түркі әлемінің келешегі – 2040» бағдарламасының денсаулық сақтау бөлімінде ерекше атап өтілді.
4. Парламентшілер заңнаманы қабылдау, бюджеттерді бекіту және ресурстарды жұмылдыру, Үкіметтің есептілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін

- қадағалауды қамтамасыз ету, көп салалы іс-әрекеттерді ынталандыру, жаһандық міндеттемелердің ұлттық деңгейде орындалуын қамтамасыз ету, мүдделі тараптардың қатысуына ықпал ету және халықаралық серіктестіктерге қатысу арқылы денсаулық сақтауда саласында маңызды рөл атқарады.
5. 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің 3-ші мақсаты болып табылатын «Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез-келген жаста әл-ауқатқа ықпал ету» денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша нақты мақсаттары мен міндеттері бар мемлекеттік және жеке мүдделі тараптарды денсаулық сақтаудың өзекті мәселелеріне бағыттау үшін жаһандық компас ретінде қызмет етеді.
  6. ТүркПА-ға мүше елдер денсаулық сақтау мәселелерін барлық елдер үшін негізгі міндеттер ретінде қызмет ететін БҰҰ-ның Мыңжылдық Даму Мақсаттары (МДМ) және одан әрі Тұрақты Даму Мақсаттары (ТДМ) контекстінде келісілген іс-шараларды қабылдау арқылы өңірлік және халықаралық деңгейде шешеді.
  7. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез-келген жаста әл-ауқатқа ықпал ету тұрақты даму үшін өте маңызды. Қазіргі уақытта әлем бұдан бұрын болмаған жаһандық денсаулық дағдарысымен бетпе-бет келуде – COVID-19 адамзаттың қасіретін келтіріп, жаһандық экономиканы тұрақсыздандыруда және бүкіл әлем бойынша миллиардтаған адамдардың өмірін қиындатуда. Осы бағытта ТүркПА 2020 жылдың 17 қыркүйегінде «COVID-19 пандемиясы: оның әсері және болашақтың болжамы» тақырыбында мүше парламенттердің Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі комитеттері басшыларының отырысын өткізді.
  8. ТүркПА-ға мүше елдер денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты проблемаларды шешуге және олардың шешімін табуға өте мүдделі. ТүркПА-ға мүше елдер денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты теңдік пен өзара түсіністік қағидатына, өзара тиімділік негізінде және өз елдерінің заңнамасына сәйкес дамытуға және нығайтуға ниетті.
  9. Осы баяндаманың мақсаты осы мәселе бойынша өңірлік ынтымақтастықтың басымдықтарын айқындау болып табылады. Есеп Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның тиісті министрліктерінен алынған материалдарға, сондай-ақ тиісті халықаралық институттардың деректеріне негізделген.

## **II. ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ҮЙЛЕСТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ**

10. 2016 жылғы 26 сәуірде Бакуде қол қойылған және күшіне енген Түркия Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасында Денсаулық сақтау және медицина ғылымдары саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бар.
11. Түркия Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен Әзербайжанның медициналық аймақтық бөлімшелерін басқару қауымдастығы (TABIB) құрған Денсаулық сақтау жүйесін қайта құрылымдау бағдарламасы (AZ-SSYP) сапалы медициналық қызмет көрсету арқылы азаматтардың қол жетімділігін жеңілдету, қызметтердің тұрақтылығын және азаматтардың

- қанағаттануын қамтамасыз ету үшін елде тұратын адамдардың денсаулығын жақсартуға бағытталған заманауи ұлттық денсаулық сақтау жүйесін құруды көздейді.
12. 2021 жылғы 31 тамызда Медициналық аймақтық бөлімшелерді басқару (ТАВІВ) жөніндегі Өзербайжан одағы Директорлар кеңесінің Төрағасы және онымен бірге келген делегация Денсаулық сақтау жүйелерін үйлестіру жөніндегі жол картасын дайындау үшін Түркияға ресми сапармен барды. Кездесулер барысында COVID-19 қарсы күрестегі ынтымақтастық, Өзербайжан денсаулық сақтау жүйесі мен адам ресурстарын дамытуда Түркияның Денсаулық сақтау министрлігімен тығыз ынтымақтастық және бірлескен ғылыми зерттеулерге қажетті құқықтық негізді дайындау мәселелері талқыланды. Делегация сондай-ақ Анкара университетінің ректоры, профессор, доктор Недждет Үнүвар және Медицина ғылымдары университетінің ректоры, профессор, доктор Джевдет Эрдөлмен кездесті. Кездесу барысында медицина кадрларын даярлау саласындағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері талқыланды.
  13. «Түркия Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Өзербайжан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі іс-қимыл жоспары» жобасының мәтіні Сыртқы істер министрлігіне өзербайжандық әріптестеріне беру үшін жіберілді. Өзара талқылаулардың нәтижесінде іс-қимыл жоспарына мүмкіндігінше тезірек қол қойылады деп күтілуде.
  14. Қазақстан мен Түркия арасындағы денсаулық сақтау саласындағы қатынастар 1997 жылғы 10 қыркүйектегі Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Денсаулық сақтау және медицина саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылады.
  15. Сонымен қатар, 2019 жылғы 15 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында Түркия Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арасындағы Денсаулық сақтау саласындағы инвестициялар саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
  16. Хожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Түрік-Қазақ Университетінің Медицина факультеті 1991 жылы Кентау қаласында «Баламалы және емдеу-медицина» атауымен құрылған. Уақыт өте келе жалпы хирургия, ішкі аурулар, акушерлік және гинекология, адам анатомиясы мен физиологиясы сияқты жаңа бөлімдер ашылып, өсті. Қазіргі таңда департаменттердің басым бөлігі Түркістан қаласында. Университеттің Түркістан қалашығында Ректораттың бас корпусынан басқа, Қазақстан Республикасының ең заманауи ауруханаларының бірі – 100 төсектік Медицина факультеті ауруханасы құрылды.
  17. Түркия мен Қазақстан арасында 1997 жылдан бастап қолданыстағы келісімнің орнына жаңа келісім әзірлеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді және «Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау және медицина ғылымдары саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» жобасы Қазақстанға жіберілді. Аталған Келісімге Қазақстан Президентінің 2022

- жылғы 10-11 мамырдағы Түркияға ресми сапары барысында қол қойылады деп күтілуде.
18. Қырғыз Республикасы мен Түркия арасындағы қарым-қатынас 2014 жылғы 3 маусымдағы Түркия Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Денсаулық сақтау және медицина ғылымдары саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде жүзеге асырылады.
  19. Қырғызстанмен денсаулық сақтау саласында қалыптасқан ынтымақтастықты нығайту мақсатында ТЫҰА мен Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арасында «Денсаулық сақтау және медицина ғылымдары саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойылды. Өзара түсіністік туралы меморандум аясында ТЫҰА жүзеге асырған денсаулық сақтау жобаларының қатарында Қырғызстанның барлық аумағында денсаулық сақтау мекемелерінің құрылысы және олардың медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандыру; денсаулық сақтау қызметкерлерінің мамандануын арттыру сияқты мәселелерде Қырғызстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен жобалардың үйлестірілген түрде жүзеге асырылуы көзделуде.
  20. Қырғыз Республикасының Үкіметі мен 2019-2030 жылдарға арналған «Дені сау халық – өркенден ел» мемлекеттік бағдарламасын қолдау үшін дамыту жөніндегі әріптестер арасында халықтың денсаулығын қорғау және Қырғыз Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру жөнінде бірлескен мәлімдемеге қол қойылды.
  21. Түркия Мәдениет және туризм министрлігіне қарасты Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТЫҰА) Бішкек координаторлығының үйлестіруімен Қырғызстан-Түркия достық ауруханасының құрылысы 2016 жылдың маусым айында басталып, бір жылдан кейін 2017 жылдың қараша айында аяқталды. Аурухана 2020 жылдың наурыз айында Қырғызстанда COVID-19 індетінің шарықтау шегіне жеткенде жұқтырған науқастарды емдеу үшін уақытша пайдалануға берілді. Ауруханада 72 төсек-орын және 21 реанимация бөлімі бар.
  22. Өзбекстанның Бұхара қаласындағы Денсаулық ғылымдары университеті жанынан ашылған Ибн-и Сина медицина факультеті және Денсаулық сақтау кәсіптік мектебі 2019 жылдың 17 қазанында оқуын бастады.

### **III. ҚОРЫТЫНДЫ**

23. Жоғарыда айтылғандай, мүше елдер денсаулық сақтау саласында қарқынды жұмыс істейді және нақты іс-шаралар өткізеді. Басқа да ықтимал салалардағы сияқты, денсаулық сақтау жүйелерін үйлестіру ТүркПА-ға мүше елдердің жақындасуына елеулі үлес қоса алады.
24. Денсаулық сақтау 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің шеңберінде орталықтандырылған түрде орналастырылған, бір кешенді мақсат (ТДМ 3) және оның денсаулық сақтаудың барлық негізгі басымдықтарын қамтитын 13 мақсаты және көптеген басқа мақсаттармен байланысы бар.

25. ТүркПА-ға мүше елдер тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде денсаулық сақтау қоғамдастығын біріктіру, ынталандыру және нығайту қажеттілігін мойындайды. Халықаралық ынтымақтастық медициналық ақпарат бойынша зерттеулер мен әзірлемелердің күн тәртібін ілгерілетудің кілті болып табылады. ТүркПА аймағы алдында тұрған денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық проблемаларды кең халықаралық ынтымақтастық: үйлестіру, ынтымақтастық және білім, тәжірибе және озық практика алмасу арқылы ғана тиімді және тұрақты шешуге болады.
26. Семинарлар, конференциялар немесе тәжірибе алмасу бағдарламалары сияқты бірлескен іс-шаралар мен акцияларды өткізу арқылы мүше елдер арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейту осы мәселе бойынша ынтымақтастықты нығайтады.
27. 2020 жылдың 17 қыркүйегінде « COVID-19 пандемиясы: оның әсері және болашақтың болжамы» тақырыбына мүше парламенттердің Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі комитеттері басшыларының отырысы тиісті құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарды.
28. 2021 жылғы 12 қарашада Ыстамбұлда Президент Режеп Тайып Ердоғанның төрағалығымен «Цифрлық дәуірдегі жасыл технологиялар мен ақылды қалалар» тақырыбында Түркі мемлекеттері ұйымы Мемлекет басшылары Кеңесінің отырысы өтті. Саммиттің соңында Денсаулық сақтау министрлері және мүше мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттер ғалымдарының қатысуымен қол қойылған Саммит декларациясында әр жылдың қазан айында «Түркі дүниежүзілік медициналық конгресін» ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.
29. Мұндай кездесулерді ұйымдастыру мүше елдердегі қоғамның игілігі үшін заңнаманы үйлестіру үшін қажетті құқықтық шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
30. Сонымен қатар, мұндай кездесулерді ұйымдастыру ТүркПА қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылатын тиісті салалардағы модельдік заңдарды әзірлеуге және дайындауға ықпал етеді.